

**«Самұрық-Қазына»
ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-тың
(«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ)
облигациялық бағдарламасының
проспектісі**

**Облигациялық бағдарламаның жиынтық көлемі – 750 000 000 000
(жеті жүз елу миллиард) теңге**

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісінің Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкестігі ғана қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын және эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды.

Астана қ., 2009 ж.

1. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Эмитенттің атауы.

Мемлекеттік тілде: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ;

Орыс тілінде: акционерное общество «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», АО «ФНБ «Самрук-Казына»;

Ағылшын тілінде: joint-stock company «Sovereign Wealth Fund «Samruk-Kazyna», JSC «Samruk-Kazyna».

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі акционерлік қоғамын біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды және олардың құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет.

Астана қаласы Әділет департаменті берген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын мемлекеттік тіркеу туралы 2008 жылғы 3 қарашадағы №32244-1901-АҚ куәлігі.

4. Салық төлеушінің тіркелген нөмірі

620 200 333 937

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсының нөмірлері, электрондық поштасының мекенжайы туралы ақпарат.

Эмитенттің (оның Басқармасының) орналасқан орны: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы қ., Қабанбай батыр даңылы, 23 үй.

Телефон: 7 (7172) 79 04 87, 97 94 42

Факс: 7 (7172) 79 04 00, 97 94 45

6. Эмитенттің банктік деректемелері

1) ДСК 037467689, БСК 195301716, «Қазкоммерцбанк» АҚ-тың Ақмоладағы филиалы, Астана қ.;

2) ДСК 034467207, БСК 195301603, «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, Астана қ.

7. Эмитенттің қызмет түрлері

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Эмитенттің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1. Елдің экономикасын тұрақты дамытуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
2. Экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға жәрдемдесу;
3. Компаниялардың қызметі тиімділігін арттыру.

Эмитенттің міндеттері мыналар болып табылады:

1. Қазақстандық экономиканы әртараптандыру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
2. Ұлттық, салааралық және өңірлік ауқымдардағы инвестициялық стратегиялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;
3. Қазақстан Республикасының экономикасына инвестицияларды тартуға жәрдемдесу;
4. Мемлекеттік және жеке мүдделерді шоғырландыру арқылы кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге қатысу, сондай-ақ тиісті өңірдің әлеуметтік жобаларын іске асыру есебінен халықтың тіршілік ету деңгейінің өсуіне жәрдемдесу және өңірлерде іскерлік және инвестициялық белсенділіктің өсуіне жәрдемдесу;
5. Бәсекеге қабілетті қазақстандық тауар өндірушілерді құруға және дамытуға жәрдемдесу;
6. Отандық тауар өндірушілермен, жұмыс және қызмет көрсетушілермен өзара іс-әрекет жасау арқылы қазақстанды ұстауды қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
7. Компанияларда корпоративтік басқаруды жетілдіру арқылы олардың бәсекеге қабілетін арттыру.

Эмитенттің қызметі мына қағидаттарды негізге алады:

1. Эмитенттің жалғыз акционері ретінде мемлекеттің мүдделерін сақтау;
 2. Эмитент және компаниялар қызметінің ашықтығы, тиімділігі және икемділігі;
 3. Шешімдерді қабылдауда және оларды іске асыруда жүйелілік және шұғылдылық;
 4. жауаптылық және есептілікте болу.
 5. Заңдылық.
- 8. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері берген рейтингтердің бар-жоғы туралы мәлімет. Егер Эмитентке қаржы агентінің мәртебесі берілген болса, уәкілетті орган қаулысының күнін, нөмірін көрсету қажет.**

Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері берген рейтингтер жоқ.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 15 қаңтардағы №2 қаулысына сәйкес Эмитентке қаржы агенті мәртебесі берілді.

Осыған байланысты Эмитент шығаратын облигациялар агенттікі болып табылады.

9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күндері, орналасқан орындары және почта мекен-жайлары

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

10. Олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, Эмитенттің қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, болса - әкесінің аты)

Эмитент қайта құрылған заңды тұлға болып табылғандықтан, қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асырған жоқ.

Олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, уәкілетті органға проспектіні алдағы бергенде үш жыл ішінде тиісті қызметтер көрсетуге шарттар жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультанттардың толық ресми атауы

Егер жоғарыда көрсетілген тұлғалармен жасалған шарт бұзылған жағдайда, тараптардың қайсысы бастамашылық жасаған ақпаратты көрсете отырып, шарттың бұзылу себебі туралы ақпаратты беру қажет

Эмитентте заң және қаржы консультанттары жоқ.

11. Эмитент корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні (егер оны қабылдау қоғамның жарғысында көзделген жағдайда).

Прспектіні жасаған күні Эмитентте корпоративтік басқару кодексі болған жоқ.

2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

12. Эмитентті басқару органдарының құрылымы

Эмитенттің органдары мыналар болып табылады:

Жоғары орган – Қазақстан Республикасының Үкіметі тұлғасында **Жалғыз акционер.** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының үкіметі заңнамамен және Эмитенттің Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды және Үкіметтің шешімімен белгіленген тәртіппен ресімделеді.

ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Эмитенттің жалғыз акционерінің ерекше құзіретіне мыналар жатқызылады:

1. Эмитенттің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
2. Эмитенттің жылдық қаржы есептілігін бекіту;
3. Эмитенттің даму стратегиясын бекіту;
4. Эмитентті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
5. Эмитенттің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Эмитенттің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
6. Эмитенттің директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Эмитенттің директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың санын өзінің қалауынша анықтау;
7. Эмитенттің жалғыз акционері анықтаған тізбе бойынша компаниялардың акцияларын шеттету, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға көрсетілген акцияларды беру;
8. Эмитенттің жалғыз акционері анықтаған тізбе бойынша компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешім;
9. Эмитенттің басқарма төрағасын лауазымға тағайындау және қызметінен мерзімінен бұрын босату;
10. Есептік қаржы жылына Эмитенттің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Эмитенттің бір жай акциясына есеппен дивиденд мөлшерін бекіту;
11. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайлар болған кезде жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
12. Эмитенттің дивиденд саясатын анықтау;
13. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Эмитент акцияларды сатып алған жағдайда, олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
14. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлық беру шарттарын анықтау;
15. Банктердің акцияларын сатып алу және шеттету, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға көрсетілген акцияларды беру;
16. ҚР Заңнамасына және Эмитенттің жарғысына сәйкес өзге мәселелері.

Басқару органы – Директорлар кеңесі. Директорлар кеңесі заңнамамен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Эмитенттің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

Эмитенттің директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатқызылады:

1. Эмитенттің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және жылдық бюджетті бекіту шеңберінде олардың қызметтеріне ақы төлеудің шекті мөлшерін анықтау;
2. Эмитенттің штат санын бекіту;
3. Егер мұндай тәртіп Эмитенттің жарғысында анықталмаса, Эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жалғыз акционерге беру тәртібін анықтау;
4. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;
5. Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығару туралы шешім қабылдау;
6. Жарияланған акциялардың орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде олардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы шегінде орналастырылған (өткізілген) акциялардың саны туралы шешім қабылдау;
7. Эмитенттің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды орналастыру (өткізу) бағасы туралы шешім қабылдау;
8. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзіміне бұрын тоқтату;
9. Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын белгілеу, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін және (немесе) Эмитенттің тобындағы бірыңғай орталықтандырылған және өзге ішкі аудит қызметтерін

үйлестіру тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлық беру мөлшерін және шарттарын анықтау;

10. Эмитенттің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды олардың бекітілген мәселелер тізбесі бойынша бекіту;

11. Эмитенттің директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен Эмитенттің даму стратегиясының негізгі көрсеткіштерін орындауды бағалау;

12. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында жасауға қатысты ерекше шарттар белгіленген, Эмитенттің тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу тәртібін анықтау;

13. Осы Заңмен тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешім Эмитенттің жалғыз акционерінің құзіретіне жатқызылған компанияларды қоспағанда, компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешім;

14. Эмитенттің жылдық бюджетін және оның қызметін жоспарлау жөніндегі өзге құжаттарды, сондай-ақ ол бойынша тәртіп пен мерзімді бекіту;

15. Эмитентке барлық тиесілі активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы Эмитенттің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе оның қызметіне қатысуы;

16. Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

17. Меншік капиталы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамада Эмитенттің міндеттемелерін ұлғайту;

18. Эмитенттің басқа заңды тұлғалардан он және одан көп пайыз акцияларды (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) сатып алуы;

19. Эмитенттің тәуекелдерін басқару бойынша саясатты анықтау;

20. ҚР заңнамасына және Эмитенттің жарғысына сәйкес өзге де мәселелер.

Атқарушы орган – Басқарма. Басқарма ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады. Басқарманы Басқарма төрағасы басқарады. Басқарма Эмитенттің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзіретіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен жатқызылмаған Эмитент қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Эмитент басқармасының құзіретіне мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кіреді:

1. Эмитенттің акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау;

2. Эмитенттің бағалы қағаздарын айырбастау шарттарын және тәртібін, сондай-ақ олардың өзгерісін анықтау;

3. Барлық дауыс беруші акциялар Эмитенттің меншік құқығына және (немесе) сенімгерлік басқаруға тиесілі компаниялар деңгейінде бірыңғай орталықтандырылған ішкі аудит қызметін құру;

4. Эмитенттің басқармасы немесе басқарма төрағасы шешім (осы Заңға сәйкес Эмитенттің жалғыз акционері мен директорлар кеңесі қабылдайтын компаниялардың қызметі мәселелері бойынша шешімдерді қоспағанда) қабылдайтын компаниялардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарының құзіретіне Қазақстан Республикасының заңнамасына және компаниялардың жарлықтарына сәйкес жатқызылған компаниялардың қызметі мәселелерінің тізбесін, сондай-ақ мұндай шешімдерді қабылдау тәртібін анықтау;

5. Барлық дауыс беруші акциялары (қатысу үлестері) Эмитенттің меншік құқығына және (немесе) сенімгерлік басқаруға тиесілі компаниялардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзіміне бұрын тоқтату, сондай-ақ көрсетілген компаниялардың директорлар кеңесінің қарауына осы шешімдерді кейіннен шығара отырып, олармен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату;

6. Көрсетілген ұйымдардың директорлар кеңесінің қарауына осы шешімдерді кейіннен шығара отырып, Эмитенттің басқармасы анықтайтын тізбе бойынша барлық дауыс беруші акциялары (қатысу үлестері) тіке немесе жанама иеленетін компаниялар Эмитенттің тобына кіретін ұйымдардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату;

7. Компанияларға қатысты немесе барлық дауыс беруші акцияларды (қатысу үлестерін) тіке немесе жанама иеленетін компаниялар Эмитенттің тобына кіретін өзге ұйымдарға қатысты директорлар

кеңесін құрмастан олардың басқару мүмкіндігін осы ұйымдардың жарғыларына белгілеу туралы шешім қабылдау және келісу;

8. Эмитенттің штат кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;

9. Акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден көп пайызы компаниялардың еншілес ұйымдарының меншігіндегі ұйымдарға өзге заңды тұлғаларды құруға және (немесе) акцияларын сатып алуға қатысуға рұқсат беру;

10. Эмитенттің филиалдарын және өкілдіктерін құру туралы шешімдер қабылдау;

11. Эмитент немесе қызметтің, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатынды құрайтын оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

12. Эмитенттің облигацияларын, туынды бағалы қағаздарын шығару және Эмитенттің меншік капиталының мөлшерінен бір пайыздан аспайтын сомаға өзге де қарыз алуға Эмитентті тарту шарттарын анықтау;

13. Эмитент елу пайыздан көп дауыс беруші акцияларын (қатысу үлестерін) тіке немесе жанама иеленетін заңды тұлғаларға қатысты үлгілік құжаттарды бекіту;

14. Компаниялардың даму стратегиялары мен жоспарларын бекіткен кезде оларға қатысты бірыңғай (оның ішінде компаниялардың қызмет салалары бойынша) қаржы, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық және өзге саясатын қалыптастыру;

15. Инвестициялық шешімдер мен инвестициялық жобалардың толықтығы мен мерзімін өткізіп алуға жол бермеу жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау;

16. ҚР заңнамасымен және эмитенттің жарғысымен Эмитенттің басқа органдарының құзіретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер.

Ішкі аудит қызметі – Эмитенттің қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды, Эмитенттің қызметін жетілдіру мақсатында ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында бағалауды, корпоративтік басқару және кеңес беру саласында құжаттарды орындауды жүзеге асыратын орган. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және эмитент Басқармасының құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

13. Эмитенттің директорлар кеңесінің (қадағалау кеңесінің) мүшелері

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелері мыналар болып табылады:

№	ТАӘ, туылған жылы	Соңғы үш жыл ішінде және қазіргі уақыт аралығында Директорлар кеңесі Төрағасы мен оның мүшелерінің атқарған лауазымдары
Директорлар кеңесінің Төрағасы:		
1	Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы , 1965 жылы туылған	§ 2006 ж. қаңтар-сәуір аралығында – Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынба-сары; § 2006 ж. сәуір мен 2007 ж. қаңтар аралығында - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі; § 2007 ж. қаңтардан қазіргі уақыт аралығында - Қазақстан Республикасының Премьер-министрі.
Директорлар кеңесінің мүшелері:		
2	Исекешев Әсет Орынтайұлы , 1971 жылы туылған	§ 2006-2007 жылдар аралығында – «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары; § 2007-2008 жылдар аралығында «Кредит Суиис» Банкінің қаржылық құралдар жөніндегі директоры (Швейцария); § 2008 жылғы ақпаннан қазіргі уақыт аралығында – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.
3	Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы , 1971 жылы туылған	§ 2004 ж. мен 2006 ж. ақпан аралығында – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау Вице-Министрі; § 2006 ж. ақпан мен 2007 ж. қаңтар аралығында – Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің төрағасы;

		<p>§ 2007 ж. қаңтар мен 2007 ж. тамыз аралығында – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;</p> <p>§ 2007 жылғы тамыздан қазіргі уақыт аралығында - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.</p>
4	Школьник Владимир Сергеевич, 1949 жылы туылған	<p>§ 2006 ж. қаңтар мен 2007 жыл аралығында – Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі;</p> <p>§ 2007 ж. – 2008 ж. ақпан аралығында – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары;</p> <p>§ 2008 ж. ақпаннан қазіргі уақыт аралығында - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі.</p>
5	Жәмішев Болат Бидахметұлы, 1957 жылы туылған	<p>§ 2004-2006 жылдар аралығында – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы;</p> <p>§ 2006 ж. – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының кеңесшісі;</p> <p>§ 2006-2007 жылдар аралығында – Еуразиялық Даму Банкі Басқарма Төрағасының орынбасары – Жобалық қызмет жөніндегі басқарушы директор;</p> <p>§ 2007 ж. қарашадан қазіргі уақыт аралығында – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі.</p>
6	Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы, 1962 жылы туылған	<p>§ 2004 ж. желтоқсан мен 2006 ж. қаңтар аралығында – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі;</p> <p>§ 2006 ж. қаңтар мен 2007 ж. тамыз аралығында – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ (Басқарма Төрағасының) атқарушы директоры;</p> <p>§ 2007 ж. тамыздан – қазіргі уақыт аралығында – Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрі.</p>
7	Келімбетов Қайрат Нематұлы, 1969 жылы туылған	<p>§ 2002 ж. тамыз бен 2006 ж. сәуір аралығында - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі;</p> <p>§ 2006 ж. сәуір мен 2008 ж. қаңтар аралығында – «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы;</p> <p>§ 2008 ж. қаңтар мен 2008 ж. қазан аралығында – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы;</p> <p>§ 2008 ж. қазаннан қазіргі уақыт аралығында – Қоғамның Басқарма Төрағасы.</p>
Тәуелсіз директорлар:		
8	Мирчев Александр Васильевич, 1957 жылы туылған	<p>2001 жылдан қазіргі уақыт аралығында - «Global Options Management, Inc.» компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы (АҚШ);</p> <p>▪ Сонымен бірге қазіргі уақытта является Президентом компании «Kroll Corp.» компаниясының президенті (АҚШ) және независимым членом Совета директоров компании «International Tax and Investment Center» компаниясы Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі (АҚШ) болып табылады.</p>
9	Ричардс Херри Эванс, 1942 жылы туылған	<p>2006 ж. маусымға дейін - BAE SYSTEMS plc төрағасы;</p> <p>▪ 2006 ж. маусымға дейін - BAE SYSTEMS (Operations) Limited директоры;</p> <p>▪ 2006 ж. маусымға дейін –BAE SYSTEMS Capital limited директоры, Төраға;</p> <p>▪ 2006 ж. маусымға дейін –BAE SYSTEMS Holdings Inc директоры;</p> <p>▪ 2001-2008 жылдар аралығында – United Utilities Plc компаниясының Төрағасы;</p> <p>▪ 2006 ж. қазаннан - 2008 ж. қазан аралығында – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.</p>

Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің эмитенттің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталына қатысуы – берілмеген;

Алдыңғы екі жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болған жоқ.

13-1. Эмитенттің Директорлар кеңесінің комитеттері.

Прспект жасалған күні директорлар кеңесінің комитеттері болған жоқ.

14. Эмитенттің атқарушы органы.

Акционерлік қоғамның алқалық атқарушы органы – Басқарма.

№	ТАӘ, туылған жылы	Соңғы үш жыл ішінде және қазіргі уақыт аралығында Директорлар кеңесі Төрағасы мен оның мүшелерінің атқарған лауазымдары
Басқарма төрағасы:		
1	Келімбетов Қайрат Нематұлы, 1969 жылы туылған	§ 2002 ж. тамыз бен 2006 ж. сәуір аралығында - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі; § 2006 ж. сәуір мен 2008 ж. қаңтар аралығында – «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы; § 2008 ж. қаңтар мен 2008 ж. қазан аралығында – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы; 2008 ж. қазаннан қазіргі уақыт аралығында – Қоғамның Басқарма Төрағасы.
Басқарма мүшелері:		
2	Дунаев Ғалиасқарұлы, 1966 жылы туылған	▪ 2004 жылғы сәуірден – 2006 жылғы қаңтар аралығында – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі. ▪ 2006 жылғы қаңтардан 2008 жылғы қаңтарға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы. § 2008 жылғы қаңтардан 2008 жылғы қазанға дейін - «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы Басқармасының Төрағасы. § 2008 жылғы қарашадан қазіргі уақыт аралығында – Қоғам Басқармасы Төрағасының орынбасары.
3	Құлыбаев Тимур Асқарұлы, 1966 жылы туылған	▪ 2005 жылғы желтоқсан – 2006 жылғы сәуір аралығында – «KazEnergy қауымдастығы» қоғамдық ұйымының президенті. ▪ 2006 жылғы сәуір - 2007 жылғы тамыз аралығында – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамы атқарушы директорының орынбасары. § 2007 жылдан 2008 жылғы қазан аралығында - «KazEnergy қауымдастығы» қоғамдық ұйымының президенті. § 2008 жылғы қазаннан қазіргі уақыт аралығында – Қоғам Басқармасы Төрағасының орынбасары.
4	Әйтекенов Медібайұлы, 1963 жылы туылған	§ 2003 жылғы тамыз – 2006 жылғы ақпан аралығында – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі. § 2006 жылғы сәуір – 2007 жылғы тамыз аралығында – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт Вице-министрі. § 2007 жылғы қыркүйек – 2008 жылғы қазан аралығында – «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының орынбасары. § 2008 жылғы қарашадан қазіргі уақыт аралығында – Қоғамның басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.
5	Сафинов Бейсенбекұлы, 1962 жылы туылған	§ 2002 жылдан – 2006 жыл аралығында – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ басқарушы директоры. § 2006 жылдан – 2008 жылғы қазан аралығында – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ басқарушы директор. § 2008 жылғы қарашадан қазіргі уақыт аралығында – Қоғамның басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

Эмитенттің жалғыз атқарушы органының функциясын жүзеге асыратын адамның не Эмитенттің алқалық атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысының Эмитенттің және ұйымдардың төленген жарғылық капиталына қатысуы – берілмеген.

15. Атқарушы органның өкілеттіктері берілген жоқ.

16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Эмитенттің атқарушы органының мүшелеріне және басқа басқарушы тұлғаларына төленетін сыйақылар.

Қоғамның басқарушы тұлғаларына 2008 жылғы қарашадан бастап желтоқсан аралығында төленген табыстар сомасы: Директорлар кеңесі мүшелеріне – 23 518 682 теңге, Басқарма мүшелеріне – 12 989 509 теңге.

Соңғы он екі ай ішінде төленетін сома - Директорлар кеңесі мүшелеріне – 139 308 642 теңге, Басқарма мүшелеріне – 80 000 000 теңге.

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

1. Эмитенттің ұйымдық құрылымы графикалық түрде № 1 қосымшада қоса берілген.
2. Эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны: 31.12.2008 жылғы жағдай бойынша - 205 адам. Эмитентте филиалдар мен өкілдіктер жоқ.
3. Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет:

Аты-жөні	Лауазымы
Мұсайбеков Сәкен Жүнісбекұлы	Басқарушы директор – Аппарат басшысы
Ақшолоақов Болат Оралұлы	Басқарушы директор
Кәрібжанов Айдан Табаниязұлы	Басқарушы директор
Палымбетов Болат Әбілқасымұлы	Басқарушы директор
Рахметов Нұрлан Құсайынұлы	Басқарушы директор
Әбиесов Жомарт Амангелдіұлы	Басқарушы директор
Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы	Басқарушы директор
Ескендіров Абай Мұқашұлы	Басқарушы директор
Хауз Питер Брайан	Басқарушы директор
Әйтенов Марат Дүйсенбекұлы	Атқарушы директор
Баймұқанов Бауыржан Амангелдіұлы	Атқарушы директор
Есенғараев Асқар Батылханұлы	Атқарушы директор
Школьник Игорь Владимирович	Атқарушы директор
Нұрбек Саясат	Атқарушы директор
Алтыбаев Дінмұхамед Абырбекұлы	Атқарушы директор
Африкян Гаянэ Тэльмановна	Атқарушы директор
Боранғалиева Мәрзия Мұханбетрақымқызы	Атқарушы директор
Қалыбеков Ибадулла Жантөреұлы	Атқарушы директор
Манатаев Ерлан Ерғалиұлы	Атқарушы директор
Жақсыәлиев Бақытжан Мұхамбетқалиұлы	Атқарушы директор
Есімбеков Сабыр Сайлаубекұлы	Атқарушы директор
Сәркеев Бақытжан Құрманбайұлы	Атқарушы директор
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	Корпоративтік қаржылар департаментінің директоры
Мәдиев Жаслан Хасенұлы	Қазынашылық департаментінің директоры
Сәлімов Қайрат Бекболатұлы	Талдау және зерттеулер департаментінің директоры
Қайырова Камилла Кенжеболатқызы	Қатерлерді басқару департаментінің директоры
Әбдірахманова Алмаз Жеңісқызы	Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры – Бас бухгалтер
Крылова Татьяна Николаевна	Бюджет жасау, жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің директоры
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	Аудит және бақылау департаментінің директоры
Асылбек Рүстем Асылбекұлы	Қаржы институттары дирекциясының директоры
Шардарбеков Еркін Шәріпбекұлы	Арнайы бағдарламалар департаментінің директоры
Нұрсейітов Азамат Айтқалиұлы	Мемлекеттік органдармен өзара әрекет ету департаментінің директоры

Қалиева Динара Әміржанқызы	Стратегиялық даму департаментінің директоры
Машабаев Азат Еркінұлы	Корпоративтік басқару департаментінің директоры
Раисова Гүлмира Болатқызы	Адам ресурстарын басқару департаментінің директоры
Балғабай Мархаббат Балғабайұлы	Халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары
Қасқабасов Серік Сейітұлы	Әкімшілік департаментінің директоры
Мұхаметқалиев Даниал Асқарұлы	Ақпараттық технологиялар қызметінің басшысы
Қосаева Фатима Қонысқызы	Баспасөз қызметінің басшысы
Мамытәлиев Бағлан Жаймырзақұлы	Нормативтік және құқықтық жұмыс департаментінің директоры
Баранова Жанна Сергеевна	Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры
Сәбденов Қайрат Амангелдіұлы	Сатып алуды ұйымдастыру департаментінің директоры
Сәлімбаева Қалия Рифатқызы	Инвестициялық жобалар департаментінің директоры
Серіков Асылхан Жұмағалиұлы	Стратегиялық инвестициялар департаментінің директоры
Нұрғазиев Айрат Айтанұлы	Электр энергетикалық активтер дирекциясының директоры
Кешубаев Ғалиаусат Қайырбекұлы	Мұнай-газ активтері дирекциясының директоры
Дьяченко Олег Сергеевич	Өңірлік дамыту дирекциясының директоры
Ізбасханов Қылышбек Сатылғанұлы	Өнеркәсіптік активтер дирекциясының директоры
Брыспанов Нұрлан Бектасұлы	Тау-кен активтері дирекциясының директоры
Оразбеков Марат Жаңабергенұлы	Көліктік активтер дирекциясының директоры
Әбдірахманов Мұхтар Мұратұлы	Коммуникациялық активтер дирекциясының директоры
Жаманов Әділет Қабдолқайырұлы	Басқарма төрағасы қызметінің басшысы
Әбдірақымов Ғабдолла Рахметоллаұлы	Корпоративтік хатшы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы

3. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ) ЖӘНЕ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ.

18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары)

1) Эмитенттің акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны және Эмитент он және одан көп пайыз үлестерін (орналастырылған және дауыс беруші акцияларын) иеленетін акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер (заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы, орналасқан орны не жеке тұлғаны аты жөні, бар болса - әкесінің аты)

Эмитенттің құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қоғамның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Құрылтайшының және жалғыз акционердің орналасқан жері: Астана қаласы, Үкімет үйі.

2) Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйым арқылы Эмитенттің қызметін бақылау жасау құқығын иеленетін тұлғалар туралы мәліметтер

Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйым арқылы Эмитенттің қызметін бақылау құқығын иеленетін тұлғалар жоқ

19. Заңды тұлғаның толық атауы, оның орналасқан орны, оның жарғылық капиталындағы Эмитенттің акцияларының (үлестерінің) пайыздық қатынасы, қызмет түрі, бірінші басшысының тегі, аты, бар болса - әкесінің аты көрсетілген, Эмитент он және одан көп пайыз акцияларын (үлестерін) иеленетін заңды тұлғалар туралы мәліметтер

Қоғам мынадай ұйымдардың акционері болып табылады:

№ р/с	Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның орналасқан орны	Акциялар (ЖК-дағы үлесі) ара қатынасы %	Қызмет түрі	Бірінші басшының аты-жөні
1.	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Астана қаласы, № 35 көше, 6-үй	100%	Банктік операция-ларды, дилерлік және лизингілік қызметті жүзеге асыру, эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару, инвестициялық жобалардың банктік сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік емес қарыздар және т.б. алу, қызмет көрсету және өтеу.	Жақанов Жанат Шәмшіұлы
2.	«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ	Алматы қаласы, Зенков көшесі, 80-үй	100%	Келешегі бар ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуын іске асыруға жәрдемдесу, экономиканың шикізаттық емес секторында инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру.	Қабашев Мақсат Рақымжан-ұлы
3.	«Ұлттық инновациялық қор» АҚ	Алматы қаласы, Абай даңғылы, 52	100%	Қазақстан Республикасындағы жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, оның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу.	Токжанов Әуелбек Тұрсынұлы
4.	«Даму» шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 111	100%	Кішігірім қаржыландыруды жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері мен ұйымдарының қаржылық ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету.	Әмрин Қосман Кәрімұлы
5.	«Экспортты кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ	Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 100 «В»	100%	Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру және қайта сақтандыру	Әмірқожаев Ғалым Тәшмұханбетұлы
6.	«Экспортты дамыту және алға бастыру корпорациясы» АҚ	Алматы қаласы, Абай даңғылы, 52	100%	Сыртқы нарыққа шығатын бизнесті дамыту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру саласында ақпараттық және консультациялық қызметтер көрсету; қазақстандық шетелге	Арынов Ерлан Асатайұлы

				шығарушыларға ұйымдық-техникалық мәселелерді шешуге жәрдем көрсету; экспортты дамыту мен алға бастыру бағдарламаларын іске асыруға қатысу; өңірлік және халықаралық маңызы бар экспортқа, сондай-ақ оларды іске асыру жөніндегі шаралар кешеніне және т.б. жәрдемдесу жөніндегі нысаналы орта және ұзақ мерзімді жобаларды әзірлеуге жәрдемдесу.	
7.	«Инвестициялар-ға жәрдемдесу қазақстандық орталығы» ЖШС	Алматы қаласы, Көктем-3 шағын ауданы, 21-үй, 509-офис	100%	Елдегі инвестиция-ларды тартуға және қолайлы инвести-циялық ахуалды құруға жәрдемдесу	Көпбаева Ботакөз Теңізбекқызы
8.	«Kazyna Capital Management» АҚ	Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 111	100%	Қазақстандық және шетелдік инвестициялық қорларға инвестициялау арқылы елдегі жалпы инвестициялық пен инновациялық белсенділікті арттыру: инфрақұрылымдық қорларды қоса алғанда, тікелей инвестициялау қорлары, венчурлік қорлар, қоржынды инвестициялық қорлар	Алпамысов Абай Әбдісәметұлы
9.	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 22	100%	- мұнай мен газды барлау, өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу, сондай-ақ көмірсутегі шикізатын, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін сату және олардың маркетингі; - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес өнім бөлу туралы келісімдерде мемлекеттің мүддесін білдіру жөніндегі уәкілетті органның функцияларын орындау; - мұнай-газ саласында басшылық пен басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тапсырмасы бойынша оның жұмыс органының функцияларын орындау, мұнай-газ саласында мемлекеттің мүддесін білдіру және оның мүддесін қорғау.	Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы
10	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы»	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр	100 %	- барлық меншік нысанындағы Қазақстанның ЕЭС объектілерін	Бозымбаев Қанат Алдабергелдіұлы

	(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы	даңғылы, 7		<p>орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару;</p> <ul style="list-style-type: none"> - жоғары кернеулі электр желілерін басқару және Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру; - генерацияны үздіксіз баланстау және Қазақстан Республикасының ЕЭС-да электр энергиясын тұтынуды қамтамасыз ету; - электр энергиясының импорты мен экспортын үйлестіру; - Ұлттық электр желілеріне тұтынушылар мен энергия өндіруші ұйымдардың еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету. 	
11	«Қазақтелеком» АҚ	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Абай даңғылы, 31	45,9%	<ul style="list-style-type: none"> - жергілікті, қалааралық, халықаралық телефон байланысы; - телеграф, телекс, деректерді беру; - спутниктік байланыс; - сымды радио хабарын тарату; - байланыс арналарын жалдау 	Жұмағалиев Асқар Қуанышұлы
12	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Женіс даңғылы, 98	100 %	<ul style="list-style-type: none"> - магистральдық теміржол желісін салуды, ұстауды және жаңғыртуды жүзеге асыру; - тасымалдау процесін басқару; - магистральдық теміржол желісіне қызмет көрсету; - жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді темір жол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыру; - теміржол қозғалмалы құрамын, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді жөндеу; - тасымалдауда жүк жіберушілердің, жүкті алушылардың мұқтаждықтарын қамтамасыз ету; - тасымалданатын жүктердің сақталуын және оның мақсатты жеріне уақтылы жеткізілуін қамтамасыз ету; - әр түрлі көлік түрлерінің қатысуымен төте және аралас қатынастар жүйесін ұйымдастыру. 	Мамин Асқар Ұзақпайұлы

13	«Қазпошта» АҚ	Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 152	100%	- пошта байланысының жалпыға қол жетімді қызметтері; - тіркелетін пошта жіберілімдерін салып жіберу бойынша қызметтер; - жеделдетілген және курьерлік пошта қызметтері; - нарықты және бағалы қағаздарды реттеу жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен брокерлік, дилерлік және трансфер-агенттік қызмет; - мемлекеттік бюджеттен және жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдері мен әлеуметтік жәрдемақыларды жеткізу бойынша қызметтер; - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пошта қызметінің басқа да байланыстары.	Молдағалиев Дәурен Тұманбайұлы
14	«Электр энергиясы мен қуаты рыногының казакстандық операторы» акционерлік қоғамы	010000, Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 27/3	100 %	- қолма-қол (спот) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру.	Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы
15	«Қазтеңізкөлік-флоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» акционерлік қоғамы	130001, Ақтау қаласы, 1-ші шағын ауданы, Приморский паркі, «Теңіз» бизнес орталығы	50%	- жүктердің барлық түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, бас жүктерді, контейнерлерді, жолаушыларды, жануарларды тасымалдау; - кемелердің барлық түрлерін, баржы, кеме жөндеу базаларын және басқаларды салу, пайдалану, жөндеу, сатып алу, делдалдық қызметтерді сатып алу; - теңіз агент қызметін көрсету; - теңіз операцияларын қолдау флотының қызметтері; - кемелерді жалға беру, сондай-ақ лизингісі және басқалар; - экспедиторлық қызметтерді көрсету.	Орманов Марат Көшкенбай-ұлы
16	«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	010000, Астана қаласы, Әуезов көшесі, 36	100%	- жаңғырту және қайта жабдықтау есебінен өндірістік қызметін әртараптандыру арқылы компанияның құрамына кіретін кәсіпорындарды тұрақты дамытуды	Ноғаев Аюхан Төлеутайұлы

				<p>қамтамасыз ету; - өз өндірісінің өнімдерімен ішкі нарықты қанықтыру; - экспортқа бағдарланған өнімнің үлесін ұлғайту; - қорғаныс, қосарлы және азаматтық мақсаттағы өнімді әзірлеу, өндіру, сату және жою саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу; - ағымдағы және ұзақ мерзімді салааралық даму бағдарламаларын және ішкі мұқтаждық пен экспорты қамтамасыз ету үшін қорғаныс және қосарлы мақсаттағы өнім өндірісін әзірлеу мен іске асыруға қатысу; - айырбастау бағдарламаларын және қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру; - мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын орындауға қатысу; - жұмылдыру қуатын және резервтерді құру, жинақтау және сақтау жөніндегі жоспарлар мен тапсырмаларды қалыптастыруға және іске асыруға қатысу; - қорғаныс-өнеркәсіп кешенінде ғылыми-техникалық дамыту, оның ішінде өндірісті кеңейту, қайта құру және техникалық жағынан қайта жаратандыру бойынша бағдарламаларды іске асыру; - ғылымды қажетсінетін өнімді жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу.</p>	
17	«Павлодар әуежайы» акционерлік қоғамы	140001, Павлодар қаласы, Әуежай	100%	<p>- ҚР заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес әуе кемелерін, жолаушыларды, багаждарды, пошталарды және жүктерді ұдайы, қауіпсіз және тиімді қызмет көрсетуін қамтамасыз ету; - инфрақұрылымды жоспарлы және кешенді</p>	Смағұлов Баянбек Жарылғап-ұлы

				<p>дамыту;</p> <p>- ҚР-ның заңнамасымен тыйым салынбаған негізгі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін басқа да қызмет.</p>	
18	«Ақтөбе халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы	463003, Ақтөбе қаласы, Авиакала-шық	100%	<p>- ҚР заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес әуе кемелерін, жолаушыларды, багаждарды, пошталарды және жүктерді ұдайы, қауіпсіз және тиімді қызмет көрсетуін қамтамасыз ету;</p> <p>- инфрақұрылымды жоспарлы және кешенді дамыту;</p> <p>- ҚР-ның заңнамасымен тыйым салынбаған негізгі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін басқа да қызмет.</p>	Аманбаев Бөкежан Қадырханұлы
19	«Академик Ш.Ш.Шөкин атындағы Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы	050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі 85, Жамбыл көш. қиылысы	50% +1	<p>- тиімді техникалық құрылғыларды және төмен сұрыпты көмірді жағу тәсілдерін әзірлеу;</p> <p>- ЖЭС және СЭС қолданыстағы жылу техникалық, электр техникалық жабдықтарының жанасын игеру және олардың сенімділігін және үнемділігін арттыру;</p> <p>- ЖЭС-тің және СЭС-тің қоршаған ортаға әсері ету деңгейін бағалау және қорғау әдістерін әзірлеу;</p> <p>- ҚР-ның отын-энергетикалық кешенін дамытудың перспективалық бағыттарын зерттеу және әзірлеу;</p> <p>- ҚР-ның заңнамасымен тыйым салынбаған Қоғамның мүддесіне жауап беретін басқа да қызмет.</p>	Абдуллаев Қалық Абдоллаұлы
20	«Эйр Астана» акционерлік қоғамы	050059, Алматы қаласы, Самал-2 шағын ауданы, «Самал Тауэр» бизнес орталығы, 8-қабат	51%	Азаматтық авиация әуе кемелерімен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау	Питер Фостер
21	«Майқайың-алтын» акционерлік қоғамы	140308, Павлодар облысы, Майқайың кенті, Чкалов	25%	<p>- геологиялық барлау және іздестіру жұмыстары;</p> <p>- минералдық шикізат әзірлеу, өндіру және бағалы кендерді және</p>	Богачев Игорь Геннадьевич

		көшесі, 13 үй		түсті металдарды байыту; - қолданыстағы өндірістің негізгі қорларын салу, қайта құру, жаңғырту, өндірістік, өндірістік емес мақсаттағы қуат көздерін, объектілерді және кешендерді енгізу; - ҚР-ның заңнама-сымен тыйым салын-баған Қоғамның мүддесіне жауап беретін басқа да қызмет.	
22	«Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС	010000 Астана қаласы, Алматы ауданы, Иманов көшесі, 11	100%	Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрі	Лавриненко Юрий Иванович
23	«Самұрық Инвест» ЖШС	010000 Астана қаласы, Қабанбай батыр д-лы, 20/1, 208-каб., Е блогы	100%	Инвестициялық қызмет саласында консультациялық қызметтер көрсету.	Кәрібжанов Айдан Табаниязұлы
24	«Самұрық Энерго» АҚ	010000 Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Әуезов көшесі, 6б	100%	Энергетикалық активтерді басқару, корпоративтік басқаруды оңтайландыру, Қазақстанда жұмыс істейтін қуат көздерін жетілдіру және салу бағдарламасын жасау және іске асыру.	Ұпышев Ерлан Елемесұлы
25	«Телеком- Инвест Самұрық» ЖШС	010000 Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 20/1	100%	- Жалғыз қатысушының мүдделерінде байланыс, ақпараттық технологиялар, технологиялық үдерістермен автоматтандырылған басқару жүйесі салаларындағы инвестициялық қызметті жүзеге асыру	Нұржанов Марат Әділұлы
26	«Батыс» ӘКК» ұлттық компаниясы» АҚ	030000, Ақтөбе қаласы, Абай даңғылы, 17-үй	100%	Өңірлердегі инвестициялық белсенділікті арттыру	Шоқыптов Андар Мәулешұлы
27	«Ертiс» ӘКК» ұлттық компаниясы» АҚ	071416, Семей қаласы, Интернационал ьный көшесі, 8, 504-офис	100%	Өңірлердегі инвестициялық белсенділікті арттыру	Дамитов Қадыржан Қабдошұлы
28	«Жетісу» ӘКК» ұлттық компаниясы» АҚ	040000, Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 241-үй	100%	Өңірлердегі инвестициялық белсенділікті арттыру	Сұлтанғалиев Серік
29	«Каспий» ӘКК» ұлттық компаниясы» АҚ	130000, Ақтау қаласы, 13 шағын аудан, 55-үй, Бизнес орталығы	100%	Өңірлердегі инвестициялық белсенділікті арттыру	Палымбетов Болат Әбілқасымұлы
30	«Оңтүстік» ӘКК» ұлттық компаниясы» АҚ	160000, Шымкент қаласы, Қонаев	100%	Өңірлердегі инвестициялық белсенділікті арттыру	Мырзахметов Асқар Исабекұлы

		даңғылы, н/з Алтын орда бизнес орталығы			
31	«Сарыарқа» ӘКК» ұлттық компаниясы» АҚ	010000, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 25	100%	Өңірлердегі инвестициялық белсенділікті арттыру	Зверьков Вадим Павлович
32	«Тобыл» ӘКК» ұлттық компаниясы» АҚ	110000, Қостанай қаласы, Дулатов көшесі, 68	100%	Өңірлердегі инвестициялық белсенділікті арттыру	Толыбаев Марат Еркінұлы
33	«Қазақстанның ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры» АҚ	Абай даңғылы, 151/115, «Алатау» бизнес орталығы, 7-қабат	88,7%	Кредит берушілермен (екінші деңгейдегі банктермен және ипотекалық ұйымдармен), сақтандыру ұйымдарымен және инвесторлармен кредиттік қатерлерді бөлу арқылы халықтың несиелендірудің ипотекалық бағдарламаларына қол жетімділігін арттыруды қамтамасыз ету	Мамырбаев Қуандық Рақымбекұлы

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар мен консорциумдардың қатысушысы болып табылмайды.

21. Эмитенттің басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәлімет.

№ р/с	Қоғамның атауы	Үлесі, %	Қоғамның еншілес ұйымдарының аффилирленген тұлғаларының атауы	Үлесі, %
1	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	100%	«ҚазМұнайГаз» ӨБ» АҚ	57,9%
			«ҚазМұнайТеніз ХҰК» АҚ	100%
			«ҚазТрансГаз» АҚ	100%
			«ҚазТрансОйл» АҚ	100%
			«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ	50%
			«ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ	100%
			«ҚазРосГаз» ЖШС	50%
			«Қазақойл-Украина» ЖШС	34,04%
			«ҚМГ-Сервис» ЖШС	60,01%
			«Қазақстан-британ техникалық университеті» АҚ	98,33%
			«Қазақ мұнай және газ институты» АҚ	90,1925%
			«Рауан Медиа Групп» АҚ	95,35%
			«Құмкөл ҚМГ» ЖШС	100%
			«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ	100%
			«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	50%
			«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	51%
			«KazMunaiGaz Finance B.V.»	100%
«Kashagan b.v.» ЖШК	100%			
«Қазақстан Пайплайн Венчурс» ЖШК	50,10%			
«Теңіз Қызмет» ЖШС	48,99%			

			«Қазақмұнайқұрылыс» ЖШС	100%
			«Қазақмұнай Продактс» ЖШС	100%
			«КТК-Т» АҚ	19%
			«КТК-Р» ЖАҚ	19%
			«Қазақстан келісімшарт агенттігі» АҚ	50%
			«Каспий мұнай-газ компаниясы» ААБ	50%
			«Теңізшевройл» БК ЖШС	20%
			«Қылыш» сауда серіктестігі	50%
			«Cooperative KazMunaiGaz PKI U.A.»	95,10%
			«Еуро-АзияЭйр» АҚ	100%
			«Семсер» АҚ	100%
2	«KEGOC» АҚ	100%	«Энергоинформ» мекемесі	100%
			«KEGOC-Сервис» мекемесі	100%
			«Батыс-Транзит» АҚ	20%
3	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	100 %	«Жолаушылар тасымалы» АҚ	100%
			«Көлік қызметінің орталығы» АҚ	100%
			«Транстелеком» АҚ	100%
			«Әскерилендірілген темір жол күзеті» АҚ	100%
			«Локомотив қызмет көрсету орталығы» АҚ	100%
			«Қазтеміржолкөлігі» АҚ	100%
			«Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ	53,246%
			«Локомотив» АҚ	100%
			«Қазкөлікқызметі» АҚ	100%
			«Орман қорғау» ЖШС	100%
			«Теміржолсұжылу жабдықтау» ААҚ	100%
			«Теміржолжөндеумаш» ААҚ	100%
			«Ремвагон» АҚ	100%
			«Ремлокомотив» АҚ	100%
			«Теміржолсу» АҚ	100%
			«Теміржолжылу» АҚ	100%
			«Кедентранссервис» АҚ	33%
			«Теміржол жөндеу» АҚ	23,43%
			«Ақжайық-батыс 2006» ЖШС	100%
			«Ертіс сервис» ЖШС	100%
			«Қазықұрт-Оңтүстік» ЖШС	100%
			«Касқор-Транссервис» АҚ	13,4 %
4	«Қазтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ	50 %	«Kazmortransflot LTD»	100%
			«Oil Stream Shipping Co.Ltd.»	50%
			«Aktau Shipping Co.Ltd»	50%
			«Маңғыстау облысындағы шағын кемелерді жөндеу зауыты» ЖШС	30%
5	«Қазақтелеком» АҚ	45,9 %	«Сигнум» ЖШҚ	100%
			«Алтел» АҚ,	100%
			«Мобайл Телеком-Қызмет» ЖШС	51%
			«Қазақтелеком» ААҚ GSM Қазақстан» ЖШС	49%
			«Нұрсат» АҚ	74,65%
			«Шығыстелеком» ЖШС	100%
			«Radio Tell» ЖШС	100%
			«Кептер телеком» АҚ	100%
6	«Қазпошта» АҚ	100 %	«Электронпост.KZ» БК	33,3 %

			ООО «Казпост» (Kazpost GmbH)	50%
7	«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ	100 %	«С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	97,71%
			«ҚазИнжЭлектроникс» АҚ	100%
			«ЗИКСТО» АҚ	39,40%
			«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	99,79%
			«Мұнаймаш» АҚ	48,26%
			«Тыныс» АҚ	99,6%
			«С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ	99,6%
			«Семей машина жасау зауыты» АҚ	99,41%
			«Зенит» Орал зауыты» АҚ	90%
			«Омега» прибор жасау зауыты» АҚ	98,56%
			«Гидроприбор» ҚЗИ» АҚ	90,0%
			«811 автожөндеу зауыты КИ» АҚ	100%
			«832 автожөндеу зауыты КИ» АҚ	100%
			«Семей инжиниринг» АҚ	100%
			«Авиажөндеу зауыты №405» АҚ	2,67%
			«Авижөндеу зауыты №406ГА» АҚ	3,9%
			«Арсенал инжиниринг» ЖШС	49%
			«Қазақстан инжиниринг Дистрибьюшн» ЖШС	100%
			«Авиажабдықтау» ЖШС	49%
			«Kaz-St Engineering Bastau» ЖШС	49%
«Атырау-Шельф» ЖШС	100%			
«Арнайыматериаленгізу» ЖШС	100%			
«КАМАЗ-Инжиниринг» ЖШС	24%			
8	«Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС	100%	«Қамқор-Менеджмент» ЖШС	50%
			«Локомотив-Сервис ТЧ-28» ЖШС	51%
			«ҚазЛокоГрупп» ЖШС	51%
			«ЭкоТрансМобил» ЖШС	51%
			«ҚазТрейнПродакшн» ЖШС	51%
			«Экспресс Консалтинг» ЖШС	51%
			«Сұлтанбай» ЖШС	51%
			«ЭкоТранс Мобил-П» ЖШС	51%
			«Алтын-Орда 2004» ЖШС	51%
			«Локомотив 2030» ЖШС	51%
			«Локодизель» ЖШС	51%
			«Теміржол энерго» ЖШС	51%
			«ҚазҚарГрупп» ЖШС	51%
9	«Самұрық-Энерго» АҚ	93,42%	«Шүлбі СЭС-і» АҚ	92,14%
			«Бұқтырма СЭС-і» АҚ	90%
			«Өскемен СЭС-і» АҚ	89,9%
			«Маңғыстау тарату электр желісі компаниясы СЭС-і» АҚ	75,000047%
			«Екібастұз энергия орталығы» АҚ	100%
			«ҚазҚуат» АҚ	100%
			«Т.И.Батуров атындағы Жамбыл СЭС-і» АҚ	50%
			«Шүлбі СЭС-і» АҚ	92,14%

10	«Ұлттық инновациялық кор» АҚ	100 %	«Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ	100%
			«Alatay IT City Management» ЖШС	100%
			«ҚазСәт» АҚ	100%
11	«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	100%	«ҚДБ-Лизинг» АҚ	100%

22. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен жасалатын мәмілелер.

Проспект жасалған күні аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен мәмілелер болған жоқ.

4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің, оның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері жөнінде қысқаша сипаттама.

1. Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Эмитенттің ерекше мәртебесі нәтижесінде Эмитенттің бәсекелестері бойынша деректерді беру мүмкін болмады.

